  - Электр щетка айналмалы білікше көмегімен еденнен және кілемді жабындардан тұрмыстық шаңды жинауға арналған. Бітеліп қалу орын алған жағдайда шаңсорғышты пайдалануды дереу тоқтатыңыз және білікшені тазалауға шара қолданыңыз («ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ» тарауын қар.).




- Қол шаңсорғышымен тазалауды орындау қажет болғанда, оны корпустан ажыратыңыз (АСПАПТЫҢ СИПАТЫ бөлімін қараңыз). Батарея толықтай зарядталған, шаң жинағыш пен сүзгі тазартылған болуы тиіс (ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮПІМ бөлімін қараңыз). 2-үі 1-де жиязға арналған щетканы пайдаланыңыз, 5-сурет.

- қол шаңсорғышын қосу үшін қос./сөнд. батырмасын басыңыз.
- Қол нұсқасында шаңсорғыштың екі жылдамдығы бар: әдепкі күйі бойынша ECO төмен жылдамдықта тазалау режимі қосылады (6.1-сурет). Жылдамдықтарды ауыстырып қосу батырмаларын басқанда MAX жоғары жылдамдықта тазалау режимі орнатады (7-сурет).



- Аспапты сөндіру үшін қосу/сөндіру батырмасын қайталап басыңыз.
- Қол жеткізу қиын жерлерде тазалау қажет болса, қол шаңсорғышына арналған тұтқасы бар ұзартқыш түтікті пайдаланыңыз. Ол үшін корпустан тұтқасы бар түтікті алыңыз (АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ бөлімін қараңыз), жылжымалы бөліктен қаппақты алыңыз, содан кейін түтікті жылжитуды реттеу тетігін жоғары тартыңыз, 9.1-сурет.
- Жылжымалы бөлікті қол шаңсорғышының саңылауына түбіне дейін орнатыңыз, 10-сурет. Сондай-ақ, 2-үі 1-де жиназға арналған қондырманы қол шаңсорғышына немесе құбырға орнату арқылы пайдалануға болады, 5-сурет. Құбырға орнату үшін 2-үі 1-де жиназға арналған щетканы одан қылшық бөлігін алу арқылы ажыратып, құбырға орнату керек.



#### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Кермектік деңгейі жоғары суды пайдалану тауар компонентіндегі (контейнерде, су беру модулінде, щеткада, жууға және тазартуға арналған базада және т.б.) судағы еріген тұздар мен қоспалардың шөгінділерімен су беру ағындарының бітелуіне әкеп соғуы мүмкін. Бұл тауардың өндірістік кемшілігі болып табылмайды.

Өндіруші қоспасыз жұмсалтылған тазартылған суды пайдалануды немесе ағындардың үрпісін тұрақты тазалауды ұсынады. Су беру үрпілері шөгінділермен бітелген кезде, тұтынушы:

- контейнерді шайнектерге, үтіктерге немесе кофемашиналарға арналған қақпан тазартқыш өрпінімен бірнеше сағат салып, өнім концентратына арналған нұсқаулыққа сәйкес дайындалған ыдысты өз бетінше тазалай алады. Осыдан кейін контейнерді таза сумен шайып, қажет болған жағдайда, саңылаулардың саңылауларын тиісті диаметрлі инемен тазалай алады, саңылаудың бастапқы диаметрін механикалық кернеумен кеңейтпей, саңылауларды сығылған ауамен үрлей алады;

- үрпілердің саңылауларын шөгінділерден тазарту немесе бітелудің орнына жаңа компонент сатып алу үшін, POLARIS ACO немесе үшінші тараптың білікті маманына хабарласа алады

Құралдың жұмысы уақытында мотор өздігінен тоқтаған жағдайда аккумуляторлық батареяны (АКБ) зарядтауды жүргізіңіз және сүзгі мен шаң жинағышты тазалаңыз.

## ЫЛҒАЛДЫ ТАЗАЛАУ









- Ылғалды тазалауды жүргізу мүмкіндігі үшін резервуарды таза сумен толтырыңыз және оны орнатыңыз (АСПАПТЫҢ СИПАТЫ бөлімін қараңыз). Судың мөлшері жеткіліксіз болғанда, дисплейде ескерту пайда болады. 1-сурет Контейнерге су құйыңыз, 2-сурет - 5-сурет.
- Тазалау кезінде кір суға арналған контейнер толып кетуі мүмкін. Дисплей контейнердің толып кеткені туралы ескертуді көрсетеді, 6-8 сурет.
- Контейнерді босатып, оны жуыңыз және шаңсорғышты орнатыңыз.
- Егер тазалау кезінде щетканың білігі бітеліп қалса және қозғалмаса, дисплей қатені көрсетеді 9-сурет - 11-сурет. Тазалауға арналған шағын щетканы пайдаланып, білікті тазартыңыз.

Ылғалды тазалау жүргізген кезде шаңсорғыштың алдыға қарай қозғалуы шамасына қарай, шаңсорғыш тұтқасындағы су беру батырмасын қысқа уақытқа басып, босату арқылы еденді щеткалау алдында сәл сулаңыз. Су еденге және кілемге арналған щетканың алдыңғы жағындағы тесіктер арқылы беріледі, 12-сурет. Еденді аса қатты суламаңыз, тазалау кезінде су беруді визуалды реттеңіз. Батырмаға басу жоқ болғанда су беру тоқтатылады.



### Назар аударыңыз!

**КІЛЕМДЕ ЫЛҒАЛДЫ ТАЗАЛАУДЫ ҚОЛДАНБАҢЫЗ.**



**Таяқшаны еденнен кілемге жылжытуға қатаң ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**

Бұл кілемнің шетінің ролик пен щетка корпусының арасында тұрып қалуына, роликтің бітелуіне және соның салдарынан жетектің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.

# АКБ ЗАРЯДТАУ

34



## Назар аударыңыз!

Жинақтағы батарея разрядталған болуы мүмкін. Бірінші қолдану алында батареялардың қуатын бітіріп, сосын толықтай қуаттандырыңыз.



5°C-ден төмен және 40°C-ден жоғары температурада батареяның зарядталуын жүргізбеңіз және батареяны сақтамаңыз. Аспаптың адаптерін желіге қосар алдында оның техникалық сипаттамалары желі параметрлеріне сәйкес келетінін тексеріңіз («Техникалық сипаттамалар» бөлімін қар.).

Бірінші пайдаланар алдында аккумулятор зарядталуы 8-10 сағатқа дейін құрауы мүмкін.

Бұдан әрі толық зарядтау үшін 4 сағат жеткілікті болады.

АКБ аспапы дисплейде оның жақын арада зарядсыздануы туралы сигнал бергенде ғана зарядтау ұсынылады 4-сурет (Батарея толық зарядталғанға дейін батареяны зарядтау процесін үзбеңіз. Бұл АКБ қызмет мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Бірінші пайдаланудан кейін батареяны толықтай бітіріңіз және сосын толықтай зарядтаңыз. Егер аспап ұзақ уақыт пайдаланылмаса, әрбір 3 айда батареяны зарядтау/разрядтауды жүргізіңіз. Батареяны разрядтау қол шаңсорғышының модулін толық разрядталғанға дейін бір реттік іске қосудымен жүргізіледі.



**Назар аударыңыз:** Шаңсорғышты заряды біткен батареямен сақтауға жол бермеңіз, себебі бұл оның істен шығуына әкелуі мүмкін.

Аккумуляторлық батареяның заряды аспаптың жинағына кіретін адаптер көмегімен қосылған базада ғана жүргізіледі.

5-сурет


1. Шаңсорғышты жиналған түрде базаға орнатыңыз.
2. Адаптер істікшесін базадағы ұяшыққа кіргізіңіз
3. Адаптерді желіге қосыңыз. Зарядтау пайызы (%) дисплейде көрінетін болады.



**Назар аударыңыз!** Адаптер зарядталу кезінде жылып кетуі мүмкін, бұл қалыпты.



**Ескертпе ретінде!** Зарядтаудың қосылған адаптерімен аспап қосылмайды.



## АКБ АУЫСТЫРУ

Шаңсорғыштың осы моделінде алынбалы аккумуляторлық батарея қолданылады.

Батареяны алу қажет болған кезде сөніп тұрған аспапта батареяны ажырату жарымасына басыңыз және, оны бағыттауыштар бойымен жоғары қарай жылжытып, алып шығыңыз



**Назар аударыңыз:** аспап жұмыс істеп тұрған кезде немесе зарядтау кезінде батареяны шешуге/орнатуға тыйым салынады!

Батареяның сыйымдылығы мен құралдың үздіксіз жұмыс уақыты уақыт өте келе төмендейді - бұл қалыпты

Диагностикалу немесе батареяны ауыстыру қажет болған жағдайда POLARIS авторизацияланған сервистік орталықтарына жүгініңіз (сервистік орталықтардың мекен-жайларының тізімі жеткізу жиынтығына кіреді, сондай-ақ [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru) сайтында қолжетімді)

## ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Аспапты сөндіріңіз, желіден ажыратыңыз және құралдан адаптерді ажыратыңыз, егер ол қосылған болса.
- Аспапты және зарядтау құрылғысын суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Құралды тазалау үшін қазақ материалдарды және органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Аспаптың металл бөліктерін таза құрғақ мата майлықпен сүртіп алып отырыңыз.



Аспапты желіден ажыратыңыз және аспаптың адаптерін ажыратыңыз, егер ол қосылған болса



Аспапты және зарядтау құрылғысын суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз



Аспапты тазалау үшін қазақ материалдарды және органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз




Аспаптың металл бөліктерін таза құрғақ маталы майлықпен сүртіп алып отырыңыз



Циклонды сүзгіні тазалаңыз

Циклонды сүзгіге тазалау жүргізіңіз




Щетканы тазартыңыз

Щеткаға, сорғыш қысқа келтеге тазалау жүргізіңіз



HEPA-сүзгіні тазартыңыз

Тазалау жүргізіңіз HEPA-сүзгі



Шаң жинағыштың контейнерін тазалаңыз

Шаң жинағыштың контейнеріне тазалау жүргізіңіз



Су тамшылары жоқ ылқал матаны пайдаланыңыз



сүзгілер, шаң жинағыш, щетка және кір суға арналған бакты әрбір үй тазалаудан кейін тазартыңыз



Сүзгілер қатты бітелген болса, дисплей қатені көрсетеді




Шаң жинағыштың контейнерін тазалаңыз

Шаң жинағыштың контейнеріне тазалау жүргізіңіз


## Зарядтау режимінде ӨЗДІГІНЕН ТАЗАЛАУ

- Зарядтау режимінде және шаңсорғыш базаға қосылу кезде щетка білігін кептіру режимін қолдануға болады. Ол үшін шаңсорғыш тұтқасында жұмыс режимдерін ауыстырып қосу батырпасын 3 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз, кептіру режимі қосылады. 6-сурет. Кептіру режимі 4 сағат жұмыс істейтін болады. Режимді күштеп өшіру үшін жылдамдық режимін ауыстырып қосу режимін қайталап басыңыз және өшіріңіз. Кептіру режимі өшеді.
- Сонымен қатар зарядтау уақытында щетка білігін тазалау және кептіру қызметін пайдалануға болады. Ол үшін шаңсорғыш ұстағышының жоғарғы жағындағы өздігінен тазалау батырмасына басыңыз. Білікті жуу және оны кептіру циклі қосылады. 1 ретте шаңсорғыш 3 циклді өтеді. Режимді күштеп өшіру үшін ҚОС./СӨНД. батырмасына басыңыз. "ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ" бөлімін толығырақ қараңыз (o суреті - p суреті келесі бетте)



## ШАҢ ЖИНАҒЫШ КОНТЕЙНЕРДІ ТАЗАЛАУ

- Қол шаңсорғышынан шаң жинағышты шешу үшін шаң дорбасын босату түймесін басыңыз;
- қоқыс бағының үстіне шаң жинағышты қойыңыз.
- Қақпақты ашып, шаң жинағышты босату үшін шаң жинағышты бекіту батырмасына басыңыз;
- Циклонды сүзгінің блогын металл тұтқасынан жоғары тартып, алыңыз.
- UP жазбасы бар таспаны тартыңыз және HEPA сүзгісін және поролонды алдын ала сүзгіні суырыңыз.



**Назар аударыңыз:** ылғалды сүзгісі бар, сонымен қатар сүзгісі зақымданған немесе сүзгісі жоқ шаңсорғышты пайдалануға қатаң тыйым салынады.

- Циклонды сүзгінің төменгі жағынан резеңке тығыздағышты алыңыз және циклонның төменгі жағын ұстап тұрып, металл сүзгіні сағат тіліне қарсы бұраңыз, содан кейін оны төмен қарай жылжытыңыз.
- HEPA сүзгісі мен алдын ала поролон сүзгіні жуғыш заттарды пайдаланбай, сүзгінің жоғарғы жағына (ЖОҒАРЫ деп белгіленген таспаның жағында) қарай ағынды бағыттап, бөлме температурасында таза судың жұмсақ ағынымен шайыңыз. Сүзгілерді қыздыруды қолданбай немесе деформацияға жол бермей, толығымен табиғи түрде құрғатыңыз. Деформациялар мен үзілістер болған жағдайда сүзгілерді түпнұсқаларымен ауыстырыңыз.
- Бөлшектерді тазалап, сүртіп, кептіргеннен кейін шаң контейнерін ретімен жинап, оны қол шаңсорғышына орнатыңыз.



Тазалағаннан кейін немесе жуу мен кептіргеннен кейін сүзгілейтін жүйені жинаңыз. HEPA сүзгіні және циклонды сүзгіні жинау және орнату үшін дәл сол әрекеттерді кері реттілікпен пайдаланыңыз 11-сур.



**Назар аударыңыз!** Бекітуші ойықтар мен фильтрлеуші элементті зақымдамау үшін фильтрді орнату кезінде күш қолдануға жол бермеңіз.




**Ескерту:** әрбір тазалаудан кейін жоғарыда көрсетілген тәсілмен HEPA-сүзгіге тазалауды жүргізу қажет. Қажет болғанда сүзгіні жаңасына ауыстырыңыз (сүзгіге тапсырыс беру авторландырылған сервистік орталық арқылы іске асырылады).

## КІР СУҒА АРНАЛҒАН БАКТЫ ТАЗАЛАУ

- Шаңсорғышты өшіргеннен кейін кір суға арналған резервуарды шешіңіз, жоғарғы қақпағын алыңыз. Қақпақтан ауа филтрін шешіңіз. Металл торы бар филтрдің төменгі қақпағын ортасындағы бекіткішті тырнақпен іліп ашып және одан артық күш салу арқылы ашуға болады.
- Сүзгі губкасын алыңыз, оны ағынды судың астында шайыңыз. Табиғи тәсілмен кептіріңіз. Торлы қақпағы бар филтрдің корпусын шайыңыз. Табиғи тәсілмен кептіріңіз.
- Сүзгі губкасын кері салыңыз да, көп күш жұмсамай торлы қақпақты жабыңыз.
- Сепаратор стаканын бактан алыңыз.



1 Кір суға арналған резервуарды шешіңіз. Резервуарды ажырату батырмасына басыңыз және өзіңізге қарай тартыңыз.



2 Қол шаңсорғыштан шаң жинағышты шешу үшін шаң жинағышты босату түймесін басыңыз;



3 Сүзгі губкасын алыңыз.



4 Оны судың ағынында мұқият кептіріңіз.



5 Табиғи тәсілмен кептіріңіз.



6 Бакты және сепаратор стаканын жуыңыз. Тазалау үшін шетканы пайдаланыңыз.



7 Жоғарыда көрсетілген бөлшектерді жуғаннан кейін кептіріңіз

- Лас су мен кірді бактан төгіңіз және бакты, сепараторды, сүзгіні, үстіңгі қақпақты, сүзгі корпусын және сүзгі губкасын жуу үшін таза суды пайдаланыңыз.
- Егер бакта немесе сепараторда бөгде жабысып қалған заттар бар болса, оларды тазалау үшін құбырға арналған шетканы пайдалануға болады.
- Жоғарыда көрсетілген бөлшектерді жуғаннан кейін құрғатыңыз және кері ретпен қайта жинаңыз. Кір суға арналған бакты корпусқа орнатыңыз.

## САҚТАУ

- Аспап желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Аспапқа тазалау жүргізіңіз.
- Құралды құрғатып сүртіңіз және құралдың құрғақ, салқын жерде сақталуын қадағалаңыз.
- Ұзақ уақыт бойы пайдаланбай сақтағанда, аккумулятор батареясының жағдайын тұрақты тексеріп, қажет болған жағдайда оның зарядталуын жүргізіңіз. Егер аспап ұзақ пайдаланылмаса, АКБ зарядтауды әрбір 3 ай сайын алдын ала толық разрядтап жүргізу ұсынылады, ол үшін аспапты барынша мүмкін болатын уақытқа іске қосу қажет.
- Электр аспаптары жабық құрғақ және таза үй-жайда қоршаған ауаның температурасы плюс 5°C төмен емес және плюс 40°C жоғары емес салыстырмалы ылғалдылығы 70% жоғары емес және қоршаған ортада электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа да булар болмаған кезде сақталады.

## ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы керек.



**Назар аударыңыз!** Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осымен қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.

## ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

## КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР



**Назар аударыңыз!** Электр құралының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

**PVCW 6070** – сауда таңбасының тұрмыстық электр шаңсорғышы

Суға арналған контейнердің көлемі: 0,5 л

Кір суға арналған бактың көлемі - 0,3 л

Шаңға арналған контейнердің көлемі -- 0,2 л

Қуат көзі: аккумуляторлық батарея Li-Ion 3900 мАсағ 25,2 В

АКБ қуаттандыру уақыты: бірінші пайдалану кезінде 8-10 сағат, сосын 4 сағатқа дейін

АКБ-дан жұмыс істеу уақыты: 23-тен 60 мин дейін, таңдалған режим мен конфигурацияға байланысты

Зарядтау құрылғысы: PAD 0102

Зарядтау құрылғысы сипаттамалары:

Кіріс кернеуі: 100-240 В

Жиілігі: 50-60 Гц

Шығыс кернеуі: 30,0 В

Шығыс ток: 1,2 А

Қорғау санаты - II

**Ескерту:** өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

| Жұмыс істеу режимі                         | Толық зарядталған АКБ-дан жұмыс істеу уақыты (минуттар)* |
|--------------------------------------------|----------------------------------------------------------|
| 1 минималдық жылдамдық (аппарат құрамында) | 40                                                       |
| 2 орташа жылдамдық (аппарат құрамында)     | 25                                                       |
| 3 жоғары жылдамдық (аппарат құрамында)     | 23                                                       |
| ECO режимінде 4 қол модулі                 | 60                                                       |
| MAX режимде 5 қол модулі                   | 30                                                       |

# АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

39

Бұл кестеде аспапты пайдалану кезінде туындауы мүмкін болатын ең көп таралған мәселелер атап шығылған.

Егер туындаған мәселелерді өз бетінше шешу мүмкін болмаса, тұтынушыларды қолдау орталығына немесе авторизацияланған сервис орталығына жүгініңіз.



**Назар аударыңыз!** Егер Сіз төменде сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS авторизацияланған сервистік орталығына хабарласуды сұраймыз.

| Ақаулықтың көрінуі                                     | Пайда болу себептері                                                                            | Жою әдістері                                                                                                                    |
|--------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Аспап іске қосылмайды                                  | АКБ разрядталған                                                                                | АКБ зарядталуын жүргізіңіз.                                                                                                     |
|                                                        | Қосу/өшіру батырмасы басылмаған немесе бір уақытта басқа ауыстырып-қосқыштар басылған           | Қосу/өшіру батырмасын тағы да бір рет жеке басыңыз                                                                              |
|                                                        | Роликті щетканың қатты ластануы                                                                 | Роликті щетканың корпусын тазартыңыз                                                                                            |
|                                                        | Кір суға арналған бак толған!                                                                   | Канализациялық бакты тазартыңыз                                                                                                 |
|                                                        | Акумулятор орнына қойылмаған                                                                    | Аккумуляторды қайта орнатыңыз.                                                                                                  |
|                                                        | Аспап базада тұр немесе тұтқасы тазалау басталған кезде тік күйден жұмысшы күйге қисайтылмаған. | Тұтқаның орнын төксеріңіз, тазалауды бастау үшін оны өзіңізге қарай еңкейтеңіз. Сосын шаңсорғышты қосыңыз.                      |
| Аспап зарядталмайды                                    | Адаптер желіге қосылмаған                                                                       | Адаптерді желіге қосыңыз                                                                                                        |
|                                                        | Адаптер құралдың жиынтығынан емес                                                               | Адаптердің осы құралға тиесілі екенін тексеріңіз                                                                                |
| Сору қуаты жеткіліксіз немесе жұмыс кезінде төмендейді | 1. Шаң жинағыш контейнерде, сүзгіште немесе саптамада бітеліп қалу пайда болды                  | 1. Шаң жинағыш контейнерді тазалаңыз. Сүзгіні тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. Қондырмадағы бітеліп қалуды тексеріңіз және жойыңыз |

| Ақаулықтың көрінуі                                                            | Пайда болу себептері                                                                                                                         | Жою әдістері                                                                                                                                                                                                                       |
|-------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жұмыс кезіндегі электр разрядтары және саптама корпусына шаңның жабысып қалуы | Үй-жайдағы ауаның төмен ылғалдылығына байланысты статикалық электр                                                                           | Үй-жайдағы ауаны ылғалдандыру шараларын қолданыңыз. Статикалық зарядтарды арылту үшін металл заттарға саптаманы үнемі жақындатып ұстаңыз                                                                                           |
| Жұмыс кезінде аспаптың күтпеген жерде сөніп қалуы                             | 1. Мотордың қызып кетуінен қорғаныс құрылғы іске қосылды<br>2. Батареяның толық разряды (АКБ зарядының индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды) | Қызудың ықтимал себептерін жойыңыз (шаң жинағыштың, сүзгінің және қондырмалардың ластануы). Қайталап қосар алдында аспапқа салқындауы үшін 30 минуттан кем емес уақыт беріңіз<br>Аккумуляторлық батареяның зарядталуын жүргізіңіз. |
| Аспаптың жұмысы кезінде электр щеткасының күтпеген тоқтап қалуы               | Электр щеткасы шаш, жіп, жүн және т. б. қоқыспен көмкерілген.                                                                                | Электр щеткасының білігіне тазалау жүргізіңіз. Тазартылған біліктің айналып қалған кезде СО жүгініңіз.                                                                                                                             |
| Бөгде шу                                                                      | Ауа өткізгіш бітелген                                                                                                                        | Ауа өткізгіш пен сүзгіні тазартыңыз.                                                                                                                                                                                               |
| Су тесігі суды шашпайды.                                                      | Таза суға арналған бакта су жоқ.                                                                                                             | Таза суға арналған бакқа су құйыңыз.                                                                                                                                                                                               |
|                                                                               | Шашырату батырмасы басылмаған                                                                                                                | Суды шашырату батырмасына басыңыз.                                                                                                                                                                                                 |
|                                                                               | Таза суға арналған резервуар орнына орнатылмаған.                                                                                            | Таза суға арналған резервуарды орнына қойыңыз                                                                                                                                                                                      |
| Шығыс диффуздордан суды шашырату                                              | НЕРА және шаң жинағыш тазалаудан кейін көппейді.                                                                                             | Пайдалану алдында тазалап, толықтай келтіру қажет.                                                                                                                                                                                 |
|                                                                               | Металл фильтр бакқа орнатылмаған.                                                                                                            | Металл сүзгіні кір суға арналған бакқа орнатыңыз.                                                                                                                                                                                  |
|                                                                               | Бак сүзгісінің нығыздағышын деформациялау.                                                                                                   | Сүзгіні дұрыстап қайта орнатыңыз.                                                                                                                                                                                                  |

## Дисплейде көрінетін қателіктер:

|                                                                                                              |                                                                                                      |                                                   |                                                                    |                                                    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------|
| <br>Ақпараттық<br>хабарлама | <b>F1</b><br>Батареялық блок<br>дұрыс ажыратылмаған                                                  | <b>F2</b><br>Зарядтау<br>құрылғысының<br>қателігі | <b>F3</b><br>Негізгі қозғалтқыштың<br>қысқа тұйықталуы<br>қателігі | <b>F4</b><br>батареяның<br>істен шығуы<br>қателігі |
| <b>F5</b><br>Негізгі қозғалтқыш үшін<br>ток бойынша шамадан<br>тыс жүктемеден<br>екіншілік қорғаныс          | <b>F6</b><br>Негізгі қозғалтқыш үшін<br>ток бойынша шамадан<br>тыс жүктемеден<br>біріншілік қорғаныс | <b>F7</b><br>Реттік порт<br>байланысының қателігі | <b>F8</b><br>NTC NTC<br>тегінің қателігі                           |                                                    |

**F1** Батареялық блок дұрыс ажыратылмаған

**F2** Зарядтау құрылғысының қателігі (зарядтау құрылғысының шамадан тыс кернеуі)

**F3** Негізгі қозғалтқыштың қысқа тұйықталуының қателігі

**F4** Батареяның істен шығуы қателігі

**F5** Негізгі қозғалтқыш үшін ток бойынша шамадан тыс жүктемеден екіншілік қорғаныс

**F6** Негізгі қозғалтқыш үшін ток бойынша шамадан тыс жүктемеден біріншілік қорғаныс

**F7** Реттік порт байланысының қателігі

**F8** NTC NTC тегінің қателігі (қысқа тұйықталу немесе тізбектің үзілуі)

## СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі» талаптардың сәйкестігіне растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз



**Бұйымның қызмет көрсету мерзімі: 3 жыл**

**Шаңсорғышқа кепілді мерзім:** сатып алған күннен бастап 24 ай

**Шығарылған күні:** аспаптың нәлінде көрсетілген

Бұйым құрамына табиғи тозуға бейім және/немесе шектеулі қызмет ету мерзімі бар және олардың ресурстары аяқталғаннан кейін тегін ауыстырылуға жататын құрамдас бөлшектер кіреді. Осы құрамдас бөлшектерге өндіруші шектеулі кепілдік береді. Бұл тауарда осындайлар болып табылады:

**- Аккумуляторлық батарея** – кепілдік мерзімі 6 ай

**Өндіруші:**

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД  
Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР

Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC  
Өндірушінің РФ және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі Импорттаушысы және Уәкілетті өкілі: "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат 1-үй-жай 13-бөлме, Тел. +7 (495) 419-11-78

Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78

**Бұйым:** Тұрмыстық электр шаңсорғышы  
**Модель:** PVCW 6070

**Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 24 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.**

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
  - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
  - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
  - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
  - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
  - Өңдеу бөлшектерінің, қондырмалар мен аксессуарлардың, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандардың, қоқыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, щеткалардың пайдалану мерзімі шектеулі басқа бөлшектердің және пайдалану барысында табиғи тозуға бейім бөлшектердің тозуы;
  - Авторизацияланған сервистік орталықтары\* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар бұйымды жөндеуінен;

▪ Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларына.

4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
5. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

**Назар аударыңыз!!** Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қазақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

\* Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru)  
Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.  
Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.  
Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.  
**Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген**

